

**"Сырдария ауданының елді мекендерінің шекараларын (шектерін) белгілеу туралы" бірлескен Сырдария ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 332 қаулысына және Сырдария аудандық мәслихатының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 160 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 21 тамыздағы № 221 қаулысы және Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2023 жылғы 21 тамыздағы № 50 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 28 тамызда № 8444-11 болып тіркелді

Сырдария ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Сырдария аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Сырдария ауданының елді мекендерінің шекараларын (шектерін) белгілеу туралы" бірлескен Сырдария ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 332 қаулысына және Сырдария аудандық мәслихатының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 160 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6130 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Сырдария ауданы елді мекендерінің шекараларын (шектерін) белгілеу және өзгерту туралы";

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы бірлескен қаулының және шешімнің қосымшасына сәйкес Сырдария ауданы елді мекендерінің шекаралары (шектері) белгіленсін және өзгертілсін.";

көрсетілген бірлескен қаулының және шешімнің қосымшасы осы бірлескен қаулының және шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы бірлескен қаулы және шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сырдария ауданының әкімі*

*Сырдария аудандық мәслихат төрағасы*

*Б. Сарменбаев*

*Е. Әжікенов*

Сырдария ауданы әкімдігінің  
2023 жылғы 21 тамыздағы № 221  
мен Сырдария аудандық  
мәслихатының  
2023 жылғы 21 тамыздағы № 50  
бірлескен қаулысына  
және шешіміне қосымша  
бірлескен Сырдария ауданы әкімдігінің  
2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 332  
қаулысына және Сырдария

### Сырдария ауданы елді мекендерінің шекаралары (шектері)

№	Елді мекендер атауы	Жалпы көлемі (гектар)	Ауыл шаруа-шылығы мақсатындағы жерлері, гектар	Оның ішінде (гектар):						Басқа да жерлер
				Ауыл шаруашылығы алқаптары						
				егістік	көп жылдық екпелер	тынайған жер	шабындық	бакша	жайылымдар	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Ақжарма ауылдық округі Ақжарма ауылы	676,0	332,0	-	-	-	-	124,0	208,0	344,0
2	Айдарлы ауылдық округі Айдарлы ауылы	731,0	508,0	-	4,0	-	-	208,0	296,0	223,0
3	Аманкелді ауылдық округі Аманкелді ауылы	1010,0	728,0	-	-	-	-	160,0	568,0	282,0
4	А.Токмағанбетов ауылдық округі А.Токмағанбетов ауылы	430,0	271,0	-	-	-	-	89,0	182,0	159,0
5	Бесарық ауылдық округі Бесарық ауылы	438,0	250,0	-	4,0	-	-	95,0	151,0	188,0
6	С.Сейфуллин ауылдық округі С.Сейфуллин ауылы	519,0	318,0	-	-	-	-	75,0	243,0	201,0

7	Н.Илиясов ауылдық округі Н.Илиясов ауылы	523,0	246,0	-	-	-	-	34,0	212,0	277,0
8	Қалжан ахун ауылдық округі Қалжан ахун ауылы	228,0	158,0	-	-	-	-	60,0	98,0	70,0
9	Қоғалық өл ауылдық округі Қоғалық өл ауылы	797,0	670,0	-	4,0	-	-	149,0	517,0	127,0
10	Шіркейлi ауылдық округі Шіркейлi ауылы	660,0	448,0	-	-	-	-	113,0	335,0	212,0
11	Шаған ауылдық округі Шаған ауылы	992,0	803,0	-	-	-	-	291,0	512,0	189,0
12	Інкәрдария ауылдық округі Інкәрдария ауылы	324,0	198,0	-	-	-	-	12,0	186,0	126,0
13	Жетікөл ауылдық округі Жетікөл ауылы	501,44	353,7	-	-	-	-	65,0	288,7	147,74